

# АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Ағылшын Шарт Құқығының Негіздері





## Прецеденттік құқық пен континенттік құқық жүйесінің негізгі ерекшеліктері

Континенттік құқықтық жүйе жалпы құқықтық нормалар мен қағидаттар, ережелер жиынтығына сәйкес реттеледі. Олар кодекстер, заңдар түрінде баяндалған (мысалы, Азаматтық кодекс, Қылмыстық кодекс, патенттік заң, сайлау туралы заң).

Континенттік құқықтық жүйе бойынша соттың рөлі кез-келген құқықтық қатынастар бойынша кодекстің, заңдардың тиісті ережелерін түсіндіру және қолданумен сипатталады.

Дауларды шешу және кеңес беру үшін судья немесе заңгер бірінші кезекте сол құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін тиісті кодексті, заңды, нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алып қарастырады.

*«Прецеденттік құқық әдісінің негізгі қағидасы – ережелер жиынтығынсыз төрешілік ету».*

## Territory



Жалпы айтқанда, прецеденттік құқықтың негізін судьялар өз шешімдері арқылы қалайды.

*«Прецеденттік құқықтық жүйенің басты ерекшелігі – әлеуметтік маңызы бар салалар, соның ішінде коммерциялық құқықтық қарым-қатынастар тиісті заңдар жинағымен реттелмейді, дауларды шешу үшін белгілі бір кодекстердің, ережелер жиынтығының болмауы».*

Судьялар мен заңгерлер дауларды шешу кезінде немесе құқықтық қарым-қатынастарды реттеу барысында басшылыққа алатын белгілі ережелер жиынтығы болмайды. Сондықтан судьялар дауларды шешу барысында, ал заңгерлер құқықтық кеңес берген кезде бұған дейін болған ұқсас істердің шешу жолдарына сүйенеді. Прецеденттік құқықтық жүйедегі заңгердің негізгі шеберлігі – бұрынғы істердің қандай жолмен шешілгенін қарап, зерделеп, сол шешу жолын қарастырып отырған істі шешуде қолданудан көрінеді. Осы ретте бізде *«stare decisis»* доктринасы қолданылады.

*«Stare decisis – ол ұқсас іс бойынша шешім шығару кезінде соттарды тарихта болған істерді қарастыруға міндеттейтін құқықтық доктрина. Бұл құқықтық доктрина фактілері мен сценарийлері ұқсас істер бірдей шешілетініне «кепілдік» береді».*

Басқаша айтқанда, *stare decisis* доктринасы соттарды бұрынғы істер бойынша қабылданған құқықтық прецеденттерге жүгінуге міндеттейді.

Ары қарай, осы прецеденттік құқықтың салыстырмалы артықшылықтары мен салыстырмалы




кемшіліктеріне тоқтала кететін болсақ. Келесі кестеде осы артықшылықтар мен кемшіліктер зерделеніп көрсетілген.

<b>Преценттік құқықтың салыстырмалы артықшылықтары</b>	Преценттік құқықтың салыстырмалы кемшіліктері
<ul style="list-style-type: none"> <li>• қорытындылардың сенімділігі мен болжамдылығы (бұрынғы преценттің негізінде);</li> <li>• шешім қабылдаудың икемділігі;</li> <li>• дамытушы проблемаларға және құбылыстарға жауап беру;</li> <li>• преценттік құқықтағы судьялардың бизнес мәселелерін және қажеттіліктерін түсінуі;</li> <li>• жеке және индивидуалды автономияны vis-a-vis мемлекеттік биліктен қорғау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• кездейсоқ белгісіздік және нәтижелердің болжаусыздығы (кейде соттар оғаш немесе күтпеген шешімдер қабылдауы мүмкін);</li> <li>• stare decisis доктринасын қолдану барысында кейбір ережелердің ескіріп, қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмеуі;</li> <li>• белгілі бір мәселелер бойынша қолданыстағы ережені қандай екенін анықтау қиын;</li> <li>• кездейсоқ және үйлестірілмеген, бір жүйеге келтірілмеген даму.</li> </ul>

Преценттік құқықта, соның ішінде ағылшын шарт құқығында жиі кездесетін мысал ретінде келесі кейсті қарастырсақ болады.

Ол *Carlill v Carbolic Smoke Ball Company* [1892] EWCA Civ 1 – апелляциялық соттың ағылшын шарттық құқығына қатысты шешімі.



Медициналық фирма өзінің жаңа керемет дәрісі – Smoke ball (түтін шар) адамдардың тұмауын тез арада емдейді деп жарнамалады. Ал дәрі көмектеспеген жағдайда, сатып алушылар 100 фунт стерлинг алатындарын жариялайды. Carbolic өзінің 100 фунт стерлинг төлейтінін растау үшін, депозитке 1000 фунт салып қойған. Тұмаудың соңғы эпидемиясы кезінде осы ауруға қарсы профилактикалық шаралар ретінде халық карболиялық Smoke ball дәрісін көптеп сатып ала бастады.

Миссис Carlill деген азаматша тұмауға қарсы түтін шарының тиімділігіне қатысты жарнамаға сеніп, бір пакетті сатып алып, оны күнделікті 1891 жылғы қараша айының ортасынан бастап 1892 жылдың 18 қаңтарына дейін қолданған. Алайда, ол тұмауға шалдыққандықтан оның күйеуі Carbolic компаниясына хат жазып, болған оқиғаны айтып, хабарландыруда уәде етілген 100 фунтты беруін сұрады. Компания төлемді беруден бас тартты, кейін бұл іс сотқа берілді.

Арыз берілген соң, іс сотта қаралып жатқан кезде Carbolic компаниясы хабарламаның белгілі құқықтық салдарға әкелетін ұсыныс ретінде қабылданбауы тиіс екенін мәлімдеді. Дегенмен, апелляциялық сот Carbolic компаниясының елеулі ұсыныс жасағанын мәлімдеді.

<b><i>Carbolic Smoke Ball компаниясының бұл іске қатысты аргументтері:</i></b>	<b><i>Апелляциялық сот шешімі</i></b>
--	---------------------------------------



<p>1. Құқықтық қарым-қатынас жасау ниеті жоқ: бұл тек қана жарнама болып табылады (сондықтан «жалған»);</p> <p>2. Carbolic Smoke Ball компаниясы өзінің уәдесі үшін ешқандай сыйақы алмады (тараптар арасында ешқандай келісімшарт жасалмады, сондықтан оның орындалуы да мүмкін емес);</p> <p>3. Carbolic Smoke Ball компаниясы Миссис Carlill-ге оның міндетті түрде қабылдауына ешқандай ұсыныс жасамады (мысалы, жалпы сипаттағы ұсыныс заңдық күші бар, бірақ тараптарды міндеттейтін келісімшартқа әкеліп соқпайды).</p>	<p>- Smoke Ball компаниясының жарнамасы жай ғана «жалған жарнама» емес, берілген маңызды уәде ретінде қарастырылуы мүмкін (оған дәлел банкке салынған 1000 фунт);</p> <p>- Smoke Ball компаниясы келесідей түрде сыйақы алды: (a) Smoke ball дәрісінің бәсеке қабілеттілігін арттырып, оның сатылымын көбейтті және (б) Миссис Carlill-ге қолайсыздық туғызып, кесірін тигізді;</p> <p>- Smoke Ball компаниясының жарнамасы жалпыға бірдей ұсыныс ретінде қарастырылуы мүмкін, бұл келісімшартты кез-келген адам қабылдауға еркін болды. Ол дегеніміз компания жария шарт жасады, ал ол жария шарт жалпыға бірдей ұсыныс болып, оны кез-келген адам қабылдауға құқылы болды.</p>
--	--

## Прецеденттік құқық пен әділдік құқық (equity)

1875 жылға дейін де прецеденттік құқық пен әділдік құқық соттары бөлек болған. 1875 жылдың басы юрисдикциялардың бөліну кезеңі болып саналады. Сол кезде қазіргі заманғы шарт құқығы пайда болды, дегенмен соттар бұл уақытқа дейін де екі юрисдикцияны қатар қолданып жүрген болатын.

Осылайша, қазіргі заманғы құқықтық жүйеде прецеденттік құқық мен әділдік құқық доктриналары мен әдістері арасындағы айырмашылық әлі де бар. Доктриналарға келер болсақ, бұл классификациядағы мысалдар – әділдік құқық доктриналары болып саналады: қателіктерді түзетулер (rectification), заңсыз шамадан тыс ықпал ету (undue influence), жосықсыз (недобросовестность/unconscionability) және босатылған жағдайдағы әділдік (equitable bars upon rescission) және прецеденттік құқықтағы доктриналар: «қате» немесе «мәжбүрлеу» (duress) де жатады. Келісімшартты бұзғаны үшін қорғау әдістері (remedies for breach of contract), қарызға қатысты ақшалай талап (money claims for debt) және залал (damages) прецеденттік құқықтың доктриналары болып табылады. Ал нақты орындау (specific performance) және соттық тыйымдар (injunctions), пайда туралы есеп (account of profits) әділдік құқық ережелері болып табылады.

Кейбір қазіргі таңдағы шешімдер прецеденттік құқық пен әділдік құқық доктриналары арасындағы айырмашылығын төмендетуге бейім болды. Прецеденттік құқық пен әділдік құқығының айырмашылығы ағылшын құқығында және жалпы құқық жүйесіндегі юрисдикцияларда кедергі жасайтын жайт болып отыр. Сол себепті оны жою қиынға соғады. Қазіргі таңда ағылшын құқығы бұл құқықтық мұраны жою керек деген де пікірлер айтылып жатыр. Бұл айырмашылық көптеген жылдар бойы қолданылады және тіпті шарт құқығын кодификациялау да прецеденттік құқық пен әділдік құқық арасындағы негізгі тұжырымдамалық айырмашылықтарды ажыратып отырады.

Қорытындылай келетін болсақ, *прецеденттік құқық кезінде сіз сотты сізге қаржылай, ақшалай беру туралы шешім қабылдауды сұрайсыз, ал әділдік құқығы бойынша сіз сотты ақшадан басқа тараптарды теңестіру үшін шара қабылдауды сұрайсыз, мысалы, шектеуші шаралар қабылдау, соттық тыйым салу және т.б.*

## Ағылшын шарт құқығының қайнар көздері

Осы саладағы құқықтың негізгі қайнар көзі – сот прецеденті. Бұл жерде прецедент дегеніміз (i) Лондонда немесе Англия мен Уэльстің басқа бөліктерінде орналасқан Жоғарғы соттың шешімдері (High Court), (ii) Лондон қаласында орналасқан Апелляциялық соттың шешімдері (Court of Appeal) және (iii) Лондондағы Вестминстерде орналасқан бұрынғы Лордтар Палатасы (House of Lords), ал қазіргі уақытта дәл сол жерде орналасқан Ұлыбританияның Жоғары Сотының (Supreme Court) шешімдері. Осы соттардың шешімдері



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы  
Дәріс: Ағылшын Шарт Құқығының Негіздері  
Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

---

Ағылшын құқығының міндетті қайнар көздері болып табылады.

(iii) деңгейінде қабылданған шешімдер (Supreme Court) төмендегі барлық соттар үшін міндетті болып табылады, (ii) деңгейдегі шешімдер Апелляциялық сотқа (Court of Appeal) және төмендегі барлық соттарға міндетті; (i) деңгейіндегі шешімдер Жоғарғы Сотқа (High Court) бағынышты соттар үшін міндетті болып табылады және заңда айқын қателіктер туындамаса, Жоғарғы Соттың (High Court) басқа да шешімдеріне бағынады.

Шарттық құқыққа негізделген негізгі жарғылар: 1943 жылғы Құқықтық реформасы (мәнін жоғалтқан келісімшарттар); 1945 жылғы Құқықтық реформа туралы заң; 1967 жылғы Жаңылыстыратын мәлімдемелер туралы заң; 1977 жылғы «Шарттар мен шарттарды орындамау» заңы (тұтынушылық емес келісімшарттар) (2015 жылы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңымен өзгертілген); 1978 жылғы Азаматтық-құқықтық жауапкершілік (жарна) туралы; 1979 жылғы Тауарларды сатып алу-сату туралы заң (Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңымен өзгертілген); 1980 жылғы шектеу туралы заң; «Тауарлар мен қызметтерді жеткізу туралы» 1982 жылғы заңы (Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңның 2015 жылғы редакциясында); 1999 жылғы Келісімшарт туралы заң (үшінші тұлғалардың құқықтары); және Тұтынушылардың құқықтары туралы заң.